

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

Ислам

ЖЭНЕ

АРКЕНИЙЕТ

Казақстан
мұсылмандарының
діни-тәнымдық газеті

№1 (49) ҚАНТАР, 2005 жыл

ҚАЗЫЛЫҚТЫ ОТЕУ ШАРЫЗ!



Суретте: Елбасы Н.Ә.Назарбаев пен Бас мұфти Ә.Дербісөлі қасиетті Мекке топырағында.



“Известия” газетінде (16 қыркүйек, 2004 ж.) жарияланған Мәскеу діни академиясының профессоры, диакон Андрей Кураевтың “Бесланнан кейін Исламга калай қарау керек?” атты мақаласында күні кешегі Кауказдағы Беслан қайғы-қасретіне талдау жасалыпты. Кімнің де болса, кез келген мөселе бойынша өз ой-пікірін ашық, білдіруіне әрине, еркі бар. Бірақ, ол белгілі бір аядан шығып кеттепеген, әсіресе, кім-кімнің де жанды жері саналар дініне қатысты үстірт не сынап жақ, қаралат, күйе жағу түргысында болмағаны абызal.

Дін аса нәзік. Сондықтан оған барынша байыптен қарап, салмақты да салауатты, бір-бірінен алыстататын емес, керісінше жақыннататын, өзара түсіністік пен күрмет туту сезімінде келсе, күба-күп. Бұғынгі аса курделі қым-куытқа толы дуние осыны талап етеді. Бұл орайда қасиетті Құран Қәрім: “Ізгі істерге, тақуалыққа көмектесіндер, күнә жасауға, жауалыққа жәрдемші болмандар. Күлайдан қорқындар, оның қаһары тегінде тым қатал” (“Маъіда” сүресі, 2 аят), – деп ескертеді. Діндерарапар түсіністік пен ынтымак мәселе сін – халықтар мен елдер арасындағы өзара бейбітқатар өмір сүріп, тіршілік етуді көздеген қалыпты қарым-қатынастан беліп қарауға өсте болмайды. Кім-кімнің де сенім-нанымы өзіне. Оған күрметпен, түсіністікпен қарау қажет. Өйткені, қасиетті Құран Қәрімде: ““Сендердің діндерің өздерің үшін, менің дінім өзім үшін”, – де” (“Кәfirүн” сүресі, 6 аят), – делиңген. Елдің амандығы мен жүрттЫң тыныштығын, бірлігі мен ынтымағын басты мұрат тутқан бұғынгі адамзат баласының бійі парасаты да дойын осыған үндейді.

Казакстан көптеген үлт пен
ұлысты, соған орай, бірнеше
діндер мен конфесиялы ел.
Сенім-нанымдары мен шығу тегі
турліше болғанымен, мақсаты бір,
мұддесі ортақ, XX-шы ғасырдың
бізге тартқан сыйын осылай

бізде тарған сыйы осындаң.
Еліміздің өз егемендігін алғанына да 13 жыл толды. Осы уақытта халықтарымыздың ынтымағы мен бірлігі де шындалып, бекі түсті. Элемді былай қойғанда, бұрынғы одактас елдердің біркатарында әлі күнге дейін жалғасып жаткан әркілі келенсіз жағдайлардан дін аманбыз. Үлтқа, дінге боліну, не алалау жоқ. Алла Тағаладан тілеріміз де осы. Құран Қерімде: “Ей, адам зат! Сендерді біз өүелде бір ерек, бір әйелден (Адам мен Хауадан), бір ата, бір анадан жаратып (өрбіттік), Өзара қарым-қатынас жасауларын үшін көптеген үлт, улыс етіп көбейттік. Ал, ерекше діндар болғандарының Тәңірі құрметті адам санаиды (яғни, сендердің бір-бірінен артықтың несібелерінмен емес, діндар-такуалықтарыңмен есептелееді)” (“Хұжурат” сүресі, 13 аят) — деп тәніген.

аят), – деділген.
Ия, өтпелі кезеңнің
қыншылықтары да біртіндеп
арта қалып барады. Ел еңсесін
көтеріп, аяғынан тұрып келді.
Кешегі халықтар түрмесінен
айналып, оларды тұншықтырып
устаган одактың күл-коқысының
орнынан бір-бірінці дербестің
танып, күрметтейтін, терезесі тен
шын мөніндегі Төуелсіз
Мемлекеттер Достастығы (ТМД)
курылып, өмір сүруде. Сол шоның

**Әбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІ,
Казакстан мұсылмандары діні басқармасының төрағасы, Бас мұфти:**

“ЕЛ МЕН ДІН МҰРАТЫ - ЫҢТЫМАҚ ПЕН БІРЛІК”

арасында ынтымағы мен достылық жарасқан қазақ елі де бар. 2003 жылғы қыркүйекте әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының туңғыш құрылтайының біздің Астанада отуі өркениетті адамзат тарихынан ерекше орын алар айрыша оқиға. Бұған дейінгі үлкен-кішіл кейбір соғыстар мен дау-жанжалға діндераралық кикілжіндегі мен тәзбеушілік себеп болғанын, дінбасыларының бір дөңгелек үстел басында отырып, өзара сұхбатспағанын ескерсек Казакстандағы бұл келелі басқосуды расында да Алланың өзі сәтін салып, орайын келтірген тарихи оқиға ретінде бүкіл әлем жоғары бағалап отыр. Осы айтулы кездесудің біздің елде отуі кездейсоқ па?! Жоқ, кездейсоқ емес. Сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммедтін (с.ғ.с.): “Әркімнің инияті өзіне серіп”, – деген даналығына сүйенсек кең пейілді, қоңілі дархан халқымыз бен оның туңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бүтінгі сан-салалы қызметі мен жүргізілген отырган ішкі, сыртқы бейбітқатар өмір сүру саясаты өзара үйлесім табуымен көптің ойынан шығып ерекшеленуде.

Халқымыз ынтымак пен бірліктік, ізгілік пен достыктың қашан да жоғары қойған. Касиетті Құран Кәрімде: “Жақсылық жасаңдар, ізгі жандарды Тәңір шын дос тұтады” (“Бақара” суресі, 195 аят), – дедінген. Расында да, ынтымак пен бірлік, ізгілік пен достық кайда болса, бақыт та, өніп-есіп, көктеу де сонда. Бүгінгі дос сүйініп, дүшпан күйнер жағдайға халқымыз опонай қол жеткізе қойған жок. Қаншама қын сынақ пен өмірдің бұралаң жолдарынан өтуге тұра келді. Бұл үшін қаншама сабырлылық, пен шыдамдылық, мұқалмас жігер мен адами ізгілік, кайрымдылық пен камқорлық қажет еді десенізіш? Еріксіз еткенде ой жүргізуға тұра келдегі

Әткенең ой жүргүртүгө тұра келеді. Кешегі XX-шы гасыр адамзат тарихындағы соғысы мен қақтығысы, дау-жанжалы мен қуғын-сүргіні, яғни бейбіт адамдардың нақақ қынын төккен касіреті мол гасыры ретінде есте калды. Екі дүниежүзілік соғысқа тартылмаған, оның отынын шарпшылмады әлемде бірде-бір ел жок та шығар. Соғыстың аты соғыс! Онда бір-біріне қару кезенгендерден ғөрі буған қатысы жок бейбіт халық, көбіне көп балалар мен карттар зардап шекті. Сол екі дүниежүзілік соғыс казақ халкы мен онын елін де айналып өтпелі. Алғашқысына казак

білді. Алғашқысына қазақ жігіттері қолына қару алдып, майдан даласынша шықпаса да оқоп казу, жол салу және тағы басқа да кара жұмысқа көптеп тартылып, аяусызың жегілді. Халық азamatтарының қара жұмысқа алынұның үзілді-кесілді қарсылық, білдіріп, талай жерде үйимдасқан түрде де, стихиялық жағдайда да кетеріліске шығып жатты. Бірақ, олар наразылығын орыс халқынан да, оның дінінде де емес, қанап-бileуши Ресей патшасына білдірді. Өйткені, билеушісінен сол орыс халқының өзі де казақтан кем зардан шеккен жоқ-ты. Тағдырлас бол екі халық сөйтіп қазақ жерінде екі ғасырдан астам уақыт ынтымакта бірге жасасып келеді.

кіген қызыл империя түсініңдегі
шұлттың ең асыл құндылықтары –
тіл мен ділінен, дін мен салт-
дәстүрінен айрылуға шақ қалды.
Қолдан үйлемдастырылған 30-шы
жылдарғы – ашаршылықта
халықтың шүткен бірі қырыльпіт,
тағы бір бөлігі бас сауғапал,
әлемнің түкпір-түкпіріне тарыдан
шашилды. Қаншамағасырлар
халқымыздың рухани тірекі
саналған мешіт-медреселеріміз
құлазып, бос қалды. Қебісі
қиаратылып, ендігі бір бөлігі
аткора мен қоймаларға айналды.
Елдің рухани жол нұсқар
діндарлары – имамдар мен
моддалар, ишандар мен қожалар
куғын-сүргіннің небір құкайын
көріп, түрмелерде азанталды...

Бұл касиреттөн христиан діні де құтыла алған жоқ. Осы ретте кеңпейіл халқымыздың діні төзімділігінің, өзенің діни сенім-нанымын сыйлап, құрметтеуінің үлгі етерлік бір мысалын келтіре кеткен жән сияқты. 30-шы жылдардағы Сталиндік зобалаң кезінде құдайсыз, өпербақандар Павлодардағы христиан шіркеуін бұзбақ болғанда оған шыр-пыры шығып, қарсы тұрғаны ушин мұсылман қазақ азаматы атылған еді. Анызға бергісіз бұл шындықты Ертіс бойының христиандары әлі

Ерле болып келиндердиң, христиандардың, ал күнгө дейін аузынан тастамайды.

Екінші дүниежүзілік соғыста дініне, ұлтына қарамай қазақ та, орыс пен украин да ортақ жауга қарсы жан аямай шайқасты. Достықтың, ынтымақтың, бауырмалдықтың нағыз үлгісін көрсетті. Соғыстың сондай сұрапыл жылдарында Қазақстанға сенім-нанымдары да, ұлты мен ұлыстары да бөлек – Қырымнан ногайлар, украиндер мен беларустар, Балтық бойынан латыштар мен эстондар, Кауказдан месхеттік түріктер, қарашибайлар, кабардин-богарлар, ингуш-шешендер, гректер, Еділ бойынан немістер мен еврейлер, Қыры Шығыстан көрістер және тағы басқалары жер аударылып келіп, пана тапты. Осылайша қазақ елі сенім-нанымы өркіліс сандаган үлт пен ұлыстың екінші Отанына айналды. Бауырмал да қонақжай халқымыз сол бір киын, тапшылық кездің өзінде туған жерін тастанап, бір киырдан арыпашып жеткен ағайындарды үлтты мен дініне қарамастан, алаламай қонындағы жарты құртымен болісті. Үйнің бір жағын босатып, жай берді. Өзара тіл табысып, жақын сырласқа, жанаширы

Қазак: "Аштықта жеген талқанын дөмі таңдайдан кеппейді", - дейді. Бұл ағайындар да жанашыр, қамқорлықты түсініп, бағалай білді. Өз тілдерінде оқып, салт-дәстүрлерін сактады. Оларға сол кезде де, казір де өз діни сенім-нанымын тықпалаған жоқ. Ал, патшалық Ресей миссионерлері өз кезінде бодан халықтарды неше түрлі айлашарғымен, тіпті күштеп те шоқындыруға тырысқаны

Тарихтан белгілі.
Ерине, рухы күшті, сенімі
көміл халық қана қандай
қызындықса да шыдас береді. Он
үш гасыр халқымыздың болмысы
мен діліне біржола сініп,
айыргысыз болып кеткен Ислам
діні өсіресе, кешегі 70 жылны
атеизм үстемдік құрган тұста
жетімсіреп, өгей баланын күнін
кешті. Бірақ, сүрінсе де куламады,
сағы сынбады. Көптеген

имандылықты жүректерінде сақтады. Дін апиян саналған қоғамда ел көзінен жасырынып, намазын оқып, ораза ұстады. Ешкімнің ала жібін аттамауга, пендешілікке түспеуге тырысты.

Ал, көзін ашқаннан атеистік тәрбие алып өсken өлденеше үрпақ адал мен харамның, обал мен сауаптың, жақсылық пен жамандықтың, пендешілік пен тауалыктың аражігін айыра алмай өсіп, бүтінгі күнге де жетті. Алға шүкір, ел тәусілсіздігі дінімізге де еркіндік берді. Кеңес заманында Қазақстанда көз үшін болса да небәрі 68 қана мешіт болған екен. Оның өзі де соңғы 70-80-ші жылдары ашылған. Мұның да жамағаты азын-аулақ шал-шашқан еди. Қөшіліктің оған баруға біріншіден діни білімсіздігі жібермесе, екіншіден бақылаған сырт көзден каймығып, батылы жетпеді. Дөл осындай жағдай елімізді мекендереген өзге діндеңі ағайындарымыздың да көбісінің басынан өтті. Ұлты мен дінің бір-бірінен белектігіне қарамастаң олар кездескен барлық қындықтарды бірлесе женді. Тың итеру жылдарында да бірлесе жер жыртып, етін екти.

Куанышты да ортак. Себебі тағдырлас. Мақсаты бір, мұддесі ортак. Ол – ортак отанымыз, төүелсіз Қазақстанды өтпелі кезенен негұрлым тезірек шығарып, экономикасын жолға қою, мәдениетін көтеріп, рухани байыта тусу, әлемнің алдыңғы қатарлы еліне айналдыру. Бұған жеткізер бірден-бір жол – кешегі Кеңес тұсындағы орнығын қалыптасқан еліміздегі сан тілди, дінді, конфессиялы халықтардың бірлігі мен ынтымағын күштейтіп, баянды ете тусу. Бұл орайда Президентіміз Н.Ә.Назарбаев бастап қашшама үлпі аларлық ізгі іст-шаралар белгілеп, он қадамдар жасады. Әлемнің бірде-бір елінде бұрын-сондық болмаған Қазақстан халықтарының ассамблеясы құрылып, бірлік пен ынтымақты одан әрі орнықтырып дамыға түсер талай ізгі шешімдер қабылданды. Әрбірінің үлттық-мәдени орталықтары өз әл-қадірінше жемісті қызмет етуле.

Астанада бүкіл әлем діндері екілдерінің арасындағы сындарлы үнкіткесінде жалғастыру мақсатын көзделген II съезді еткізу алдағы уақыт еншісінде. Сол айтулы оқиғага дейін Астанада әлемдік ірі төрт діннің басын бір үлкен сарайда қосатын ғимарат құрылсызы жүріп жатыр.

Исламның бейбітшіліксүйгіш, дүниеге тек тынышты, пен ізгіліктің дәнін себер асыл дін екендігін уақыт өлдекешан сан кайтара көз жеткізе дәлелдеген. Тазаға кір-ластардың ежелден өш келетін белгілі. Қазақ мұндауда: “Аққа Құдай жақ”, “Ит үреді, керуен көшеді”, — дейді. Диакон А.Кураевтың Ислам дініне ланкестікі, зорлық-зомбылықты, катыгездікті таңып, оны дәлелдеуте тырысусы “жаңалық” емес. Мұны бұған дейін де дін дүшпандарының Исламға

науқанының кезекті бір ту сыртас лақтыруы деп түсінү лә Оның “дөлелсұмактары” а дініміздің ұстанымдары қагидасына мүлдем жат. Бұл көзі карақты, білімді де зи-
кауым.

каым мұн
“теориясы мақтада
қабылдамайды, керісінше ау-
серпіп тастайды. Ел мен халық
жарасымды тыңыс-тіршілігі
бірлігі мен ынтымағына, діні
сенім-нанымына селкем сал-
қоздеген мундай теріс инет-ш-
кашан да болған, бола беру
мүмкін. Ал оны айрып, тер-
теріс, онды ондейтін салауда
дана халқымыздын бары көн-
медет. Себебі біздің асыл дін-
“Бейкүнә адамды өлтір-
болмандар, ол Тәңір тыныс сал-
іс” (“Ислам” суресі, 33 аят), “А-
шектен шыққанды ұнатпайды”
 (“Бақара” суресі, 190 аят), “Ді-
зорлық жоқ” (“Бақара” суресі,
 аят), — деп барлық жаман
атаулыдан мұсылмандар
баста-ақ үзілің-кеслі тыйған

Омірдің өзі көрсеткенің
қылымыс жасаушының бел-
бір үлтү да, діні де жок,
аяушылықты білмейтін кат-
де мейірімсіз, Құдайдан бе-
кунаһан!

бүнәнәр! Әр діннің ұстанымы
қағидасы түрліш болғанымек
бастысы бәрі де з
адамгершілік пен ізгіл
шашырады. Бұған катын
касиятті Құран Қөрімнің: «
Алла өзі қаласа сендерді, әр
бір үммет қана етер еді. Бір
сендерді сынау үшін түр
шарифат жасады. Жақсы іст
үмтىлыңдар. Сендердің бәр
Тәңірінің алд
қайтарыласыңдар. Се
таласқан нәрселердің (кай
ак, кайсысы кара екенін)
өзі айтып береді» (*"Mas
curesi*, 48 аят), — деуі
жайттін күпия сырын аша¹

А.Кураевтың тұжырымдағы
көтүстіктердің саясаттану
профессор Марат Тажиев
“Егемен Қазақстан” газелі
жарық көрген “Беслан” кас-
Исламнан келтеп тақсірет

Исламнан келген таскырет (18 қыркүйек, 2004 ж.) мақаласында Бұлдырғен салида салмақты пікір көкейіндегі жүрген ойлардың басып, Ислам дініне қатыстыңиет-пиясындардың бүтінгі Әмір шындығынан мұллаштақтығын, оған таңыл жүрген түрлі “измдердің” нең әрқылы пайымдаудан туатын көз жеткізе дәлелдей, жан-жайылдықтардың өзінде де

ашың көрсетуүмен күнды дер^м
Біздегі Ислам мен Христ^х
діндері басшылары арасын^{ын}
мұддесіне орай ынтымак^ы
іскерлік байланыс орнаған
мұфти мен Алматы, Ас^х
метрополиті Мефодий бір^х
шешер мәселе тындаі^ж
кездесіп, пікір алышып, ке^ж
туруы үрдіске айналған. Бір^х
діни мерекелер^і
құттықтасып, шын жүректе^ж
тілектерін білдіреді. Қазақ^ы
орыс халқының сан ғасыры^{на}
ынтымағы мен бірлігін там^ы,
терен достық байланысты^{гу}
Олардың түрі мен тілі, дін^б
ділі болек болса да жүргегі^ж
бір. Оны Алланың сыйн^ы
білеміз. Бұл достык^ы
бауырмалыкка сыйн^ы ту^ш
Л^а